

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е. Л. Тоғжановқа**

2020 жылғы 26 ақпанда
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

2016 жылғы 22 желтоқсанда қабылданған № 29-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдарды және интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының медициналық қызметкерлері білім беру жүйесінен денсаулық сақтау жүйесіне берілгені мәлім.

«Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес енгізілген бұл өзгерістің басты мақсаты білім алушыларға көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсарту болып табылады. Алайда, осы бағытта кейінгі үш жылдай уақыт ішінде атқарылған жұмыс көпшіліктің көңілінен шығып отыр деу қиын. Біз өңірлерде болғанымызда осы жөнінде жергілікті тұрғындар мен денсаулық сақтау қызметкерлері тарапынан орынды сын-ескертпелер айтылды.

Атап айтқанда, Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» 2017 жылғы 27 ақпандағы №39 бұйрығына сәйкес:

1. Интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарындағы медициналық пунктке 500 білім алушыға шаққанда 1 мейіргер лауазымын белгілеу көзделген;

2. Шағын жиынтықталған мектептердің медициналық пункті үшін 100 білім алушыға шаққанда 1 мейіргер лауазымын белгілеу көзделген.

Жоғарыда көрсетілген бұйрық еліміздің орталық, солтүстік және шығыс өңірлерінде қалыптасқан демографиялық ахуалды, яғни білім беру ұйымдарындағы оқушылардың саны көп еместігін ескермей қабылданғанға ұқсайды. Соның салдарынан, мектептердегі медициналық қызметкерлердің саны едәуір азайғандығы байқалады. Өйткені, бұрын мектептегі медициналық пункттің мейіргері оқушылардың санына қарамастан, лауазымдық жалақыны толық көлемінде алатын еді. Еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесі олардың жалақысының кемуіне алып келді.

Мысал үшін, Павлодар облысының 387 мектебінде 2016-2017 оқу жылында 337 медициналық қызметкер тұрақты жұмыс істеген болса, 2018-2019 оқу жылында олардың саны 314-ке дейін кеміген. Керісінше, елді мекендерде орналасқан фельдшерлік-акушерлік пункттерден жергілікті мектептерге келіп, медициналық қызмет көрсететін медициналық қызметкерлер саны 56-дан 73-ке дейін көбейген.

Жергілікті атқарушы органдар білім беру мекемелері жоғары қауіпті объектілер болып табылатындығына байланысты, балалар денсаулығы мәселелерін жүйелі бақылау үшін әрбір білім беру мекемесінде жеке медициналық қызметкердің тұрақты түрде болуын орынды санайды.

Бұған қоса, Денсаулық сақтау министрінің аталған бұйрығында медициналық қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуде әділдік қағидаты сақталмағандығын айтқан жөн. Нақтырақ айтқанда, білім беру ұйымдарындағы оқушылардың әртүрлі санына қызмет көрсеткеніне қарамастан, медициналық қызметкерлер бірдей жалақы алып жүр. Мысалы, 0,75 мөлшерлеме алу үшін мейіргер шағын жиынтықталған мектепте 75 оқушыға, ал орта мектепте – 375 оқушыға қызмет көрсетуі қажет.

Осы орайда еліміздегі денсаулық сақтау ұйымдарында орта буын медицина мамандары жетіспейтіндігін де ескерген жөн. 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мейіргерлерге сұраныс 2987 бірлікті құрады. Соның ішінде демографиялық ахуалы қолайсыз өңірлер болып табылатын Қарағанды облысында – 440, Қостанай облысында – 362, Павлодар облысында – 249, Ақмола облысында – 198, Шығыс Қазақстан облысында – 184, Солтүстік Қазақстан облысында 61 мейіргер тапшы.

Ал елімізде орта буын медицина кадрларын даярлайтын медициналық колледждер саны – 85. Бұл, әрине, аз емес. Мәселе олар даярлайтын кадрлардың сапасында болса керек. Өйткені, 8 медициналық колледжі бар Шымкент қаласында қазір 36 мейіргер жетіспейтін болып шықты. Жергілікті денсаулық сақтау мамандарының айтуынша, медициналық колледжді бітіріп, диплом алып шықса да, науқасқа дәрі егуді білмейтін шала мамандарды денсаулық сақтау ұйымдары жұмысқа алғылары келмейді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Сіздің қарауыңызға мынадай ұсыныстарды енгіземіз:

1. Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» 2017 жылғы 27 ақпандағы №39 бұйрығын қайта қарап, орта мектептердегі білім алушылардың санына қарамастан, олардағы медициналық пункттердің әрқайсысына кемінде 1 мейіргер лауазымын белгілеу керек;

2. Еліміздегі орта буын медициналық кадрлар тапшылығын ескере отырып, медициналық колледждерде даярланатын медицина кадрларының саны мен сапасын арттыру мәселесін қарау қажет.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,
депутаттар, «Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері

К. Мұсырман
З. Аманжолова
Ә. Бектұрғанов

Орынд.: А. Канафина
Тел.: 74-62-21